

«ФИЛИП MORRIS ҚАЗАҚСТАН» ЖШС ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРЫ ТУРАЛЫ

Жобалардың басты мақсаты – ауылдық жерлерде ең күрделі әлеуметтік мәселелерді шешу

Корпоративті әлеуметтік жауапкершілік қағидаларын ұстана отырып, «Филип Моррис Қазақстан» (ары қарай – ФМҚ/ компания) ЖШС кең ауқымды қайырымдылық іс-шараларды атқарып келеді. 1993 жылдан бастап әлеуметтік мәселелерді шешуге және корпоративті әлеуметтік жауапкершілік аясындағы жобаларды жүзеге асыру үшін ФМҚ-ның жалпы инвестициялар көлемі **7,600,000 АҚШ долларын құрады**. Соңғы бес жылдың ішінде ғана (2010 ж. қаңтарынан 2015 ж. сәуіріне дейін) компания 2,500,000 АҚШ долларынан астам қаражатты Алматы облысындағы әлеуметтік жобаларды қолдауға салды.

Әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыра отырып, ФМҚ мынадай марапаттарға ие болды:

- Қазақстан Республикасы Президентінің «Мәдени және гуманитарлық салалардағы қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін» Құрмет Дипломы
- Америка сауда-өнеркәсіп палатысының Қазақстандағы «Қоғамға қызметі үшін» марапаты. Ол компанияның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы бағдарламаларын таниды.
- ЕВРОБАК марапаты
- «Шелек фермерлері» жобасы үшін «Ең инновационды білім беру/оқыту бағдарламасы» аталымындағы Америка сауда-өнеркәсіп палатысының марапаты
- Қазақстандағы аграрлы өнеркәсіпті дамытуға іс-тәжірибелік үлес қосқаны үшін ҚР Президенті жанындағы Шетел инвесторлар кеңесінің 28-ші пленарлық отырыста ҚР Президентінің ауызша білдірген алғысы

Бүгінде ФМҚ Алматы облысының 2 ауданында – ФМҚ фабрикасы орналасқан Іле ауданы және темекі қсірумен айналысатын фермер шаруашылықтары орналасқан Еңбекшіқазақ ауданы – қауымдастықтардың дамуын қолдауға бағытталған бірқатар әлеуметтік жобаларды іске асыруда.

Іле ауданында ФМҚ «Болашақ» Әлеуметтік-азаматтық базис» Қоғамдық бірлестігімен (ары қарай - «Болашақ» ҚБ) және «Прогресс» Политехникалық колледжімен (ары қарай – «Прогресс» ПК) серіктесе отырып, келесі әлеуметтік жобаларды атқаруға көмектеседі:

1. «ҰОС ардагерлерін және Ленинградта қоршауда болған адамдарға қолдау көрсету» жобасы

Бұл жоба халықтың әлеуметтік тұрғыдан ең әлсіз топтарын қолдауға бағытталады. Оның аясында жобаға қатысушыларға материалдық көмек көрсетіліп (дәрі-дәрмектер, азық-түлік себеттері, шипажайлық-курорттық емдеу), компания еріктілерінің қатысуымен іс-шаралар өткізіледі (ҰОС ардагерлері мен мүгедектерін 28 панфиловшылар паркіне алып бару, Мәңгідік алауға гүл шоқтарын салу, қайырымдылық түскі ас).



2. «Әлем тілдері орталығында оқытуды ұйымдастыру» жобасы

Бұл жобаның негізгі мақсаты («Болашақ» ҚБ-мен бірге іске асырылады) кірісі төмен адамдарға қазақ және ағылшын тілдерін үйрету, сондай-ақ оқып шыққан жұмыссыз жандарға жұмысқа орналасуға жәрдемдесу болып табылады. Жобаны атқарудың 7 жылы ішінде оқу орталығында **1 400-ден астам адам білім алып шықты**.



3. «Аулалық клубтар жұмысы» жобасы

«Болашақ» ҚБ-мен ынтымақтастықта он жылдың ішінде Іле ауданының 11 ауылында балалар-жасөспірімдердің (аулалық) клубтардың бірегей желісі құрылды.

Осындай аулалық клубтардың мақсаты Іле ауданы балалары мен жасөспірімдеріне, әсіресе халықтың әлеуметтік тұрғыдан ең әлсіз топтарынан және тұрмысы төмен отбасылардан шыққан балаларға білім беру, мәдени және спорт іс-шараларын ұйымдастыру болып келеді. Ауылдық клубтарда үйірмелер мен секциялар, көрмелер, конкурстар және фестивальдар тұрақты өткізіліп тұрады.

2013 жылдан бері, Қауымдастық кеңестерінің жұмысының басталуымен, ауылдық клубтардың белсенділігі артты. Қауымдастық кеңестерінің құрылу мақсаты азаматтық белсенділікті арттыру және елді-мекенді дамыту мен өмір жағдайын жақсартуға жауапкершілігін көтеру болып келеді.



4. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға кәсіптік-техникалық білім беруді ұйымдастыру жобасы

Мүмкіндігі шектеулі жандардың жұмысқа орналасуы қазірде де еліміздегі өткір мәселелердің бірі болып келеді. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың көбісі жұмыссыз болып, мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандыруы есебінен тұрып жатыр. 2010 жылдан бастап ФМҚ қолдауымен «Прогресс» ПК «Мүмкіндігі шектеулі адамдарға кәсіптік-техникалық білім беру» жобасын табысты атқарып келеді. Бұл жобаның үш негізгі бағыты бар:

- **«Тігінші» кәсібіне үйрету.** 2010 жылдың қыркүйегінде ФМҚ Іле ауданы Өтеген батыр кентінде орналасқан «Прогресс» Политехникалық колледжі» мекемесімен бірлесіп мүмкіндігі шектеулі әйелдерге арналған тігін цехын құру бойынша әлеуметтік жобасын іске асыра бастады. Осындай тігін цехын ұйымдастыру идеясы мұнда әйелдерге алдымен тігіншу ісіне үйреніп алып, және бірден жұмыс атқаруға, жеке табыс табу мүмкіндігін береді. Бұл, сондай-ақ, әйелдердің өз күшіне сеніп, шығармашылық әрі әлеуметтік мүмкіндіктерін пайдалануға жол ашады.



- **«Вешенка» саңырауқұлақтарын өсіру.** «Вешенка» саңырауқұлақтарын өсіру курсында мүмкіндігі шектеулі адамдар саңырауқұлақты үйде өсіруді үйренеді. Осылайша бұлар үйлеріндегі қосалқы үй-жайларында саңырауқұлақ өсірілетін цет ашып, жеке бизнестерін қалауға мүмкіндік алады. Курстан 10 адам өтіп, олардың 4-і үйлерінде жұмыс істейді, 3-і өнімдерін «Прогресс» ПК асханасына сатады.



- **«Наубайшы» кәсібіне үйрету.** «Прогресс» ПК-нде сондай-ақ наубайшы кәсібіне де үйретеді. Мұнда мүмкіндігі шектелген жандар нан-тоқаш өнімдерін жасау технологиясын меңгереді. Бүгінде оқытудан 10 адам өтіп, жеке тапсырыстармен үйлерінде жұмыс істейді



5. Іле ауданы тұрғындарына «Наурыз» мерекесін ұйымдастыру жобасы. Жыл сайын Іле ауданының әкімдігі Наурызды мерекелеуге арнайы іс-шара ұйымдастырады. 2010 жылдан бері ФМҚ тойлауға қатысып, Іле ауданы тұрғындарына мерекелік тағам әзірлеу арқылы қайырымдылық іс-шара ұйымдастырады. Өтеген батыр кентінің орталық алаңында, әкімдік ғимаратының алдында мерекелік шатырлар қойылып, осында жергілікті тұрғындар наурыз көже, бауырсақ, құрт, палау, тәттілер, шай және басқа да тағамдарды татып қарай алады.



«ФИЛИПП МОРРИС ҚАЗАҚСТАН» ЖШС АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН АУЫЛДЫҚ АЙМАҚТАРДЫ ДАМУ ТУРАЛЫ БАҒДАРЛАМАСЫ.

БАҒДАРЛАМА МАҚСАТТАРЫ:

- ✓ Балалар еңбегін болдырмау,
- ✓ ФМҚ-ға темекі жеткізетін барлық шаруашылықтарда қауіпсіз және адал еңбек шарттарына қол жеткізу, және
- ✓ Жергілікті халықтың өмір жағдайын жақсарту.

Бағдарламаның бірінші және негізгі құрамдас бөлігі – БАЛАЛАР ЕҢБЕГІН БОЛДЫРМАУДЫҢ ЖОБАСЫ.

Бұл әлеуметтік қызмет «Қарлығаш – Әйелдердің білім және кеңес беру орталығы» ҚБ-мен ынтымақтастықта жүзеге асырылады. Жоба балалардың темекі өсіру шаруашылықтарына қолжетімділігін шектеу, және, сәйкесінше, ауылдық жерлерде балабардың бос уақытын ұйымдастыру арқылы олардың еңбегін болдырмау.

БАЛАЛАР ЕҢБЕГІН БОЛДЫРМАУ ЖОБАСЫНЫҢ ҚҰРАМДАСТАРЫ

1) Малыбай ауылында жергілікті қоғамдық орталығын құру

Балаларды мәдени және қоғамдық өмірге баулудың негізгі құралдарының бірі ретінде Еңбекшіқазақ ауданы Малыбай ауылындағы мектепте «Малыбай» атты балаларға арналған қоғамдық орталығы ұйымдастырылды. Мектептің арнайы бөлмелерін күрделі жөндеуден өткізіп, орталық барлық қажетті жабдықтар әкелінді. Қазіргі күні бұл балаларға арналған білім беру-ойын-сауық іс-шараларын өткізетін орын болып келеді. Орталықта компьютерлік сауаттылықты дамыту, ағылшын, қазақ тілдерін және қолөнер дағдыларын үйрету, спорт ойындары (мини-футбол, шахмат, тоғызқұмалақ, т.б.), өнер (сурет салу, музыка, т.б.) бағдарламаларымен оқытады. Орталыққа **800-ге** жуық бала келіп тұрады.



2) Балалардың жазғы сауықтыру лагерінде демалуы

темекі алқаптарында балалар еңбегін пайдалану қаупі жаз айларында өсетіні белгілі, әсіресе өнімді жинау кезінде. Бұл жайтты алды алу үшін 2010-2014 жж. 6-дан 13 жасқа дейінгі **600 бала** 20 күндік 2 ауысым бойы жазғы сауықтыру лагерінде демалды.



2013 жылдан бері ФМҚ жұмыскерлері бұл акцияға белсенді қатысып келеді. Олар **«Қайырымдылық ағашы»** атты қамқорлық акциясы аясында балаларға жазғы демалысқа қажетті заттарды алып береді.

3) Кәсіптік-техникалық білім беру

Жазғы лагерьлер 14 пен 17 жас аралығындағы балаларды қамти алмағандықтан, ұйымдастырушылар алдында жеткіншектерді қызықты әрі пайдалы жобаға қатыстыру мәселесі тұрды. Себебі бұл балалаыр темекі алқаптарында еңбектеніп, қауіпті зонада табылуы әбден мүмкін болды. Жобаны дайындау кезінде фермерлер, жұмыс мигранттары мен олардың жеткіншектері арасында сауалнама жүргізіліп, нәтижесінде балалардың өмірге маңызды әрі келешекте қолдана алатын дағдыларын үйренуі қажет деген шешім шығарылды. Осы мақсатпен 14 пен 17 жас аралығындағы жеткіншектерге Шелек ауылының колледжінде «Аспазшы» мен «Автомеханик» кәсіптері бойынша, сондай-ақ компьютерлік курстар ұйымдастырылып, соңынан балаларға мемлекеттік үлгідегі сертификаттар берілді. Бүгінде **120 жеткіншек** оқуларын тәмамдады.



4) Фермерлік шаруашылықтарда спорттық-ойындық алаңдар ұйымдастыру

Ауылдардан шалғай орналасқан фермерлік шаруашылықтарда балаларға арналған спорттық-ойындық алаңдар ұйымдастырылып, қыздар мен ұлдарға әр түрлі үстел ойындары сатып алынды. Тұрақты түрде спорттық жарыстар өткізіледі. Балаларды осындай жарыстарға дайындау үшін кәсіпқой нұсқаушылар жұмыс істейді.



5) «Мектепке жол» әлеуметтік кампаниясы

Бала еңбегін алдын алуда жалпыға ортақ білім беру компоненті де толықтырады. Өкінішке орай, ауылда, әсіресе жұмыс мигранттары отбасыларының арасында, бұл мәселе соңғылардың қатарында. Және, көбінесе, жұмыс мигранттарының балалары мектепке бармайды. Осы проблеманы шешу үшін «Мектепке жол» акциясы тұрақты өткізіліп тұрады. Бұл әлеуметтік кампанияның шеңберінде ұйымдастырушылар жұмыс мигранттарының балаларын



жергілікті мектептерге орналастыруға көмектеседі. Әрбір бала дәптерлер мен кеңсе тауарлары бар мектеп портфелін алады. Сонымен бірге балалардың оқуында проблемалар болмас үшін, әр ауылда ата-аналарымен және жергілікті мектептің әкімшілігімен түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Компанияның өткізілу уақытында **600-ге жуық бала** қажетті көмекті алды.

Ауыл аймақтарын дамыту бағдарламасының екінші құрамдасы – «АУЫЛ ХАЛҚЫНЫҢ ӨМІР ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTУ ЖОБАСЫ». Бұл жоба Алматы облысының «Еңбекшіқазақ ауданы жергілікті қауымдастықтар қоры» ҚҚ-мен бірлесіп іске асырылады.

Жоба мақсаты – темекі шаруашылықтарындағы жұмыскерлердің құқықтары сақталу жағдайын жақсарту, фермерлердің өз шаруашылықтарын жүргізу дағдыларын жақсарту.

Негізгі міндеттер:

- ✓ Еңбек мигранттарының еңбек құқықтары сауаттылығын арттыру мақсатында құқықтық кеңес жәрдемін беру;
- ✓ Адам құқықтары бұзылған жағдайда шағым берудің қолжетімді механизмін ұйымдастыру, фермер (немесе басқа тұлға) және еңбек мигранты арасында орын алған мәселелердің немесе дауларды шешуде көмек көрсету;
- ✓ Фермерлерге құқықтық кеңес жөнінен қолдау көрсету, сондай-ақ фермерлерді техникалық және кәсіпкерлік дағдыларға үйрету;
- ✓ Әлеуметтік және экономикалық проблемалардың тәжірибелік шешімін табу мақсатында жергілікті қауымдастықтар көшбасшыларын тарту және оқыту.

АУЫЛ ХАЛҚЫНЫҢ ӨМІР ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTУ ЖОБАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ КОМПОНЕНТТЕРІ:

1) Жалдамалы жұмысшыларға құқықтық және кеңес беру арқылы қолдау көрсету

Жалдамалы жұмысшылардың Қазақстан еңбек заңнамасы мен Қазақстанда жұмыс істеумен байланысты заң процедураларын түсінуді қамтамасыз ету үшін кең ақпараттық жұмыс атқарылуда. Өткізілген жұмыстың нәтижесінде құжаты жоқ жалдамалы жұмысшылар саны **2010 жылғы 31%-дан 2015 жылдың мамырындағы 7%-ға дейін қысқарды.**

2) Фермерлерге кәсіпкерлік негіздерін үйрету

- Фермерлердің техникалық және басқарушылық дағдыларын дамыту шеңберінде 2013 жылдың наурызынан **279 фермер** қатысқан «Бизнес пландау негіздері», «Тәуекелдер мен шығындарды бағалау», «Ауыл шаруашылық өнімін сату», «Ауыл шаруашылығындағы инновациондық технологиялар» атты оқыту семинар өткізілді. Бұдан басқа, тәжірибе жұмыстары кезінде **20 фермер** топырақтану мен өсімдіктерді қорғау негіздеріне үйретілді. «Жаңа бастап жүрген кәсіпкерлер мектебінің» одан арғы жұмысы үшін жергілікті тұрғындардың белсенділері арасынан арнайы тренерлер іріктеліп, халықаралық эксперттердің қатысуымен оқытылды. 2013 жылдан бастап фермерлерге жеке ісін ұйымдастыруға – оқытудан бизнес идеяларын құрастырып және жобаларын бақылау/қолдауға дейін – жәрдем берілуде.
- 2013 жылдың 30 шілдесінде Еңбекшіқазақ ауданы Шелек ауылында «Еңбекшіқазақ ауданы жергілікті қауымдастықтар қоры» ҚҚ-ның (одан әрі – ЖҚҚ) **Агробизнес орталығы** ашылды. Орталықта заманауи конференц-зал, компьютерлік класс пен мини-зертхана бар. Агробизнес орталығында Еңбекшіқазақ ауданының



фермерлері ауыл шаруашылығын дамыту бойынша қосымша білім алып, әрі мынадай бағыттар бойынша оқи алады:

- Ауыл шаруашылық дақылдарын өсірудің алдыңғы қатарлы технологиялары,
- Ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін арттыру,
- Кәсіпкерлік дағдыларын дамыту,
- Ауыл шаруашылық өнімін сату
- Қаржыландыру құрылымдары



Ауыл аймақтарының экономикалық дамуын жеделдету

«Ауыл аймақтарының экономикалық дамуын жеделдету», немесе «Шелек фермерлері» атымен белгілі бағдарлама – бұл қолда бар ресурстарды – жер мен су – тиімді пайдалана отырып Қазақстан фермерлерінің өнімділігін арттыруға бағытталған ауыл шаруашылығын дамытудың бірегей бағдарламасы. Ол үшін біз зерттеу тобы құрып, эксперттер ретінде АҚШ-тың Флорида Университетінен (University of Florida) профессорларды шақырдық. АҚШ-тың Флорида Университеті – ауыл шаруашылығындағы инновациялық технологиялар мен ең жақсы іс-тәжірибе саласындағы жетекші ЖОО. Бөтен тәжірибені алып, бізде толыққанды қолдану мүмкін емес екенін түсіне отырып, зерттеу жобасына Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласы ғалымдары және экономика мен маркетингтен эксперттер шақырылды. Ең жақсы нәтижеге жету жолында бұл бізге Американың алдыңғы қатарлы тәжірибесін еліміздің климаттық және нарықтық жағдайларына бейімдеуге көмектеседі.

2014 жылы жазда Еңбекшіқазақ ауданының фермерлік шаруашылықтарын, жеміс және көкөніс сақтау қоймаларын, ірі супермаркеттерді, базарларды аралап және еліміздің жетекші аграрийлерімен кездесу арқылы эксперттер нақты мысалдар арқылы біздің фермерлерге тиімділік пен жоғары өнімділікке жету үшін ненің қажет екенін түсінді. Осылай жұмыстың келесі негізгі бағыттары айқындалды:

- Суармалы судың жетіспеушілігі жағдайында суарудың баламалы әдістерін пайдалану;
- Жылыжай мен қорғалған топырақтың басқа да технологияларын пайдалану есебінен ауыл шаруашылық маусымын арттыру;
- Дақылдардың жаңа түрлерін өсіру;
- Жеміс-көкніс дақылдарын сақтау мен қайта өңдеу, және
- Ең бастысы – маркетинг пен сату стратегияларына үйрету.



2014 жылдың қарашасында ЖҚА Агробизнес орталығында Еңбекшіқазақ ауданының 35 фермеріне оқыту семинарлары өткізілді. Бұларды Флорида Университетінің профессорлары ауыл шаруашылықты дамытудың инновациялық жобасы туралы айтып және зерттеу тобы жұмысының негізгі бағыттарын жеткізіп берді. Семинарлар нәтижесінде фермерлер аталмыш технологияларды қолдану арқылы демонстрациялық жобаларға қатысуға шақырылды. Ең алдымен біз фермерлерге жаңа әдістерін қолданудың және көкөністерді өсірудің инновациялық агротехникасын

пайдаланудың тиімділігіне өздері көз жеткізулері керектігіне сенеміз. Бұл үшін оларға көшет отырғызудан дайын өнімді сатуға дейінгі жолды бізбен бірге өтуі қажет.

2015 жылдың ішінде эксперттер 4 демонстрациялық жобаны бақылап, фермерлерге іс-тәжірибелік кеңестер беріп отырады. Көкөніс пен жемістерді алдыңғы қатарлы технологиямен өсірулері үшін барлық қатысушыларға жабдықтар мен қажетті материалдар, сондай-ақ дайын өнімді ірі сауда желілері мен қоғамдық тамақтану желілеріне тікелей сатуға көмек тегін беріледі.

Бұдан басқа, ЖҚҚ Агробизнес орталығында тамшылап суару, төмен туннельді аркалы жылыжайлар, қара қабықты (мұльчаны) қолдану және көкөністердің жоғары өнімді гибриді сұрыптарды өсіру сияқты инновациялық технологиялар қолданылатын демонстрациялық алаңдар жасалған. Осының барлығы аудын фермерлері кез келген уақытта Агробизнес орталыққа келіп, барлық жаңашылдықтарды өз көздерімен көріп, әрі өздеріне қызықты ақпаратты алып, бұл технологияларды өз учаскелерінде пайдалануы үшін жасалған.

Алынған нәтижелер 2015 жылдың соңында бағаланып, одан кейін барлық оқыту материалдары мен тренингтер Қазақстан өзгешеліктері есепке алынып, толыққанды бағдарламаға дейін жеткізілетін болады. Бұл тәжірибе тек Алматы облысымен шектелмей, күллі Қазақстан жерінде пайдаланылуы үшін, Қазақ Ұлттық Аграрлы Университетімен ресми серіктестік шеңберінде бұл жобаны еліміздің басқа өңірлеріне тарату жоспарланған.




НӘТИЖЕЛЕР

2013 жылы ҚР Президенті жанындағы Шетел Инвесторларының Кеңесі (ары қарай – ШИК) ¹ Ережесіне айтарлықтай өзгертулер енгізілді. Оларға сәйкес ШИК жұмыс топтарының жыл сайынғы жоспарларын іске асыру шеңберінде ШИК Жалпы отырысында айтылатын ҚР Президентіне арналған ортақ кеңестердің бірыңғай тізімін құру талап етіледі. Жұмыс топтары жасаған кеңестер ұсыныстардың бірыңғай тізіміне ресімделіп, ҚР Премьер-Министрі төрағалығымен өткізілетін ШИК Аралық отырысында алдын ала қараудан өтеді.



Шетел инвесторларының Қазақстан экономикасының инновационды-технологиялық дамуы мен әртараптандырылуына жәрдемдесу мәселері бойынша ШИК Жұмыс Тобының 2013-2015 жылдарға арналған Жұмыс жоспарында № 1.4 пунктінде былай делінген: Ауылдық аймақтарда тұратын халықты оқыту және дамыту: ауыл шаруашылық бизнесті экономикалық жағынан тиімді жүргізу үшін арнайы дағдылардың жетіспеушілігі мәселесін шешу және ауыл шаруашылығы саласында әлемдік деңгейдегі зерттеу университетін, территориялдық ҒЗИ және тәжірибесі бар шаруашылықтарды тарту арқылы фермерлердің әлеуетін дамыту. Осы пункттің атқарушылары болып Қазақстан жағынан ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі, және шетел жағынан «Филип Моррис Қазақстан» компаниясы аталды.

ШИК 28-інші жалпы отырысында **Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ «Ауыл аймақтарын дамыту» бағдарламасын**, және, атап айтқанда, **Агробизнес орталықты**, Қазақстандағы аграрлық өндірісті дамытудың тәжірибелік үлесі ретінде айтып, сондай-ақ Үкіметке мәселені жіті зерттеп, мемлекет тарапынан бағдарламаны кеңінен қолдауды тапсырды.



¹ 2013 ж. 24 шілде №603 ҚР Президентінің Жарлығы